Бөлім:	**3. Табиғатты пайдалану және геоэкология** 3.2 Геоэкологиялық зерттеулер негіздері
Педагогтің аты-жөні:	**Елтаев Н.Т.**
Күні:	10 А 05.11.2025 10 В 06.11.2025
Сыныбы: 10	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	10.3.2.1 геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын және негізгі категорияларын графикалық түрде ұсыну
Сабақтың мақсаты:	***Барлық оқушылар үшін:*** Геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын және негізгі категорияларын біледі. ***Көпшілік оқушылар үшін:*** Геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын және негізгі категорияларын сипаттай алады. ***Кейбір оқушылар үшін:*** Графикалық түрде геоэкологияның маңызын, мазмұны мен бағытын, негізгі санаттарын көрсетеді.
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	**(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:** 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру **Мақсаты:** Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. **Тиімділігі:** Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Жіктеу»** тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.			Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экраны
Жаңа сабаққа кіріспе 	**(Ұ) «Миға шабуыл»** әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Бір-	Геоэкология дегеніміз не? Экосфера дегеніміздің қалай түсінесің? Геоэкология-ның міндеті қандай?	**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. **Тиімділігі:** оқушының танымдық дағдысы артады.	**Қалыптастырушы бағалау:** Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен

	біріне сұрақтар қояды. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. *Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.*	Геоэкология нені зерттейді. Қолданбалы геоэкология дегеніміз не?	Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	ынталандыру.
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 31 мин.	«Геоэкология ғылымы қалыптасуының алғышарттары» тақырыпшасы бойынша мәтінді оқуға тапсырма береді.	**«Түртіп алу» әдісі.** Мәтінді оқып шығады. Жаңа ақпаратпен танып, өздеріне қажетті деп тапқан негізгі ұғымдарды жұмыс дәптерлеріне жазып алады.	***Дескриптор:*** ***Жалпы - 3 балл.*** -мәтінді оқиды. -негізгі ұғымдарды жазып алады. -сұрақтар қояды. -ұжымдық үлгіде талқылайды.	Оқулық, жұмыс дәптерлері.
	**№1-тапсырма:** Табиғатты тиімді және тиімсіз пайдалануға салыстырмалы сипаттама жасатады.	Кестеде берілген салыстырмалы сипаттамамен танысады. Бір-бірімен талқылап,	***Дескриптор:*** ***Жалпы – 4 балл.*** -кестемен танысады. -сұрақтар қояды. -ұжымдық үлгіде талқылайды. -бір-бірімен	Оқулық, жұмыс дәптерлері.

		сипаттайды.	пікір алмасады.	
	**№2-тапсырма:** «Табиғатты тиімді және тиімсіз пайдалану, геоэкология» ұғымдарын түсіндір. Геоэкологияның негізгі санаттарын түсіндір.	Оқушылар өздерінің білімдерін тексеру мақсатында берілген тапсырманы орындайды.	***Дескриптор: Жалпы - 3 балл.*** -Табиғатты тиімді пайдалануды түсіндіреді. -Тиімсіз пайдалануды түсіндіреді. -Геоэкология ұғымына, негізгі санатына түсінік береді.	Оқулық, жұмыс дәптерлері.
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин. 	**«Еркін микрофон» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. ***Мақсаты:*** Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. ***Тиімділігі:*** Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. ***Саралау:*** Бұл кезеңде саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрінеді.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Мұғалім оқушыларды **«Жапондық бағалау»** әдісі арқылы бағалайды. Яғни *«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар». Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.*	 